


2025-2026 оқу жылының есебі

«БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ– КӘСІБИ МАМАН» Білім күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. 2025 жылдың 2 қыркүйегінде №1 колледж МКҚК-да «Білім келешегі: Адал азамат – Кәсіби маман» атты Білім күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік жиынға өңірдің беделді азаматтары қатысты: Нұғманов Шахмардан – “Волковгеология” АҚ №5 барлау экспедициясы филиалының бас энергетигі Дәуірбаев Дархан – “KARLogistics” ЖШС орталықтандырылған автотасымалдау базасы филиалының әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы Аяпов Батырхан– Созақ ауылдық округінің әкімі Топшақов Серік – Созақ аудандық мәслихатының депутаты Қонақтар білім алушыларға жылы лебіздерін білдіріп, табысты болашақтың кілтті – сапалы білім мен адал еңбек екенін атап өтті. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, студенттерге жаңа серпін, жаңа мақсат сыйлады. №1 колледж — кәсіби болашаққа сенімді қадам!

<https://www.facebook.com/share/p/1Eo2fKYB51/>



БІРЛІКТЕ -БЕРЕКЕ, БІЛІМДЕ-БОЛАШАҚ! Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын арнап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты басымдықтарды айқындады. Ұжымымыз Президентіміздің техникалық және кәсіптік білім беру орындарын еңбек нарығының нақты сұранысына бейімдеу туралы тапсырмасын толық қолдайды. Өйткені бұл – студенттердің кәсіби дайындығын күшейтіп, олардың болашақта бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына жол ашады. Жолдаудың біріктіруші идеясы – цифрландыруды кең көлемде дамыту және жасанды интеллектіні жаппай енгізу. Бұл – білім беру саласына жаңа мүмкіндіктер әкелетін тарихи қадам. Колледжіміз оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізуді әрі қарай жалғастырып, жасанды интеллект құралдарын пайдалануға дайын. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылғаны да қуантады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, бұл түйткілді шешу – жастардың білімге деген қолжетімділігін арттырады. Сонымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттағы студенттерге пәтер жалдау шығынын субсидиялау мүмкіндігі – олардың білім алудағы тең құқығын қамтамасыз етеді. Президент атап өткендей, эндаумент-қорлар құру – білім экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуы тиіс. Бұл тәжірибе ғылым мен инновацияны қаржыландыруға тың серпін берері анық. Ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізу –


халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды бастама. Бұл әдіс азаматтардың әлеуметтік жағдайына оң әсер ететіні сөзсіз. №1 колледж МКҚК ұжымы Мемлекет басшысының Жолдауын толық қолдай отырып, ондағы міндеттерді жүзеге асыруға өз үлесін қосуға дайын. Жаңа экономикалық бағытқа сай сапалы білім беріп, елдің ертеңін жарқын етер жас ұрпақты тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

<https://www.facebook.com/share/p/1Z1SQZrgrE/>



2025 жылдың 8 қыркүйек күні «№1 колледж» МКҚК-да «Тіл – елдіктің тірегі» атты Тілдер апталығы бастау алады. Апталық гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен өтеді. Мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, өзге ұлт өкілдерінің тілдерін құрметтеу және көптілділік құндылығын дәріптеу. Апталық барысында түрлі танымдық сайыстар, ашық сабақтар, әдеби-мәдени кештер, постер қорғау және зияткерлік ойындар ұйымдастырылады. Барша білім алушылар мен оқытушыларды белсенді қатысуға шақырамыз!

<https://www.facebook.com/share/r/17JZaR8RRj/>



“Тіл – елдіктің тірегі” апталығы өз бастауын алды! 2025 жылдың 9 қыркүйек күні №1 колледж МКҚК-де Гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен “Тіл – елдіктің тірегі” атты Тілдер апталығының салтанатты ашылуы өтті. Іс-шараның шымылдығын колледж директоры Қордашбеков Бақдәулет Жақсылықұлы ашып, тіл – елдің рухани байлығы, ұлттық болмыстың негізі екенін атап өтті. Ол жастарды тілдің қадірін түсінуге, мемлекеттік тілді құрметтеуге және өзге ұлт өкілдерінің тіліне сыйластықпен қарауға шақырды. Апталықтың ашылуында студенттер өлең оқып, түрлі ойындарға қатысып, тілге деген құрметтерін әсерлі түрде жеткізді. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй мен рухани серпіліс сыйлады. Тіл апталығы аясында әлі де мазмұнды шаралар жалғасын табады.

<https://www.facebook.com/sozakkolledj.kolledj/posts/pfbid04uJ1mUgf7iXHS88jX1NM9omTKMcSspTZcDDC4iPXcmxq8CdhpReu7heP2ghd4Qjdl>



"Тіл – елдіктің тірегі" апталығы өз жалғасын табуда! 2025 жылдың 8 қыркүйегі күні, №1 колледж МКҚК-де гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен "Тіл – елдіктің тірегі" атты Тілдер апталығының ашылуы колледж кітапханасында жалғасын тапты. Іс-шара "Менің тілім – мемлекеттік тіл" атты мәнерлеп өлең оқу байқауымен өрбіді. Студенттер ақын-жазушылардың тіл туралы жырларын нақышына келтіре оқып, өздерінің тілге деген сүйіспеншілігін әсерлі түрде жеткізді. Шара барысында колледж кітапханашысы Тіллә Айтмырзақұзы "Тіл – ұлттың жаны, рухани тірегі" тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, тіл мәртебесінің маңыздылығын жан-жақты ашып көрсетті. Жас ұрпақтың тілге деген құрметі мен өнері ұштасқан бұл іс-шара жоғары деңгейде өтті. Апталық аясындағы мазмұнды шаралар жалғаса береді.

<https://www.facebook.com/share/p/1QB9PPw1Di/>



10.09.2025 ж. күні «Тіл – елдіктің тірегі» атты тілдер апталығының екінші күнінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Аманбаева Лайла Тілеубекқызы «Ой мен тіл» атты интеллектуалды сайыс-сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білім алушылардың білім деңгейін айқындау, патриоттық рухты дәріптеу, тілге құрметпен қарауға баулу, ұлттық құндылықтарды жастар бойына сіңіру болды. Интеллектуалды сайыс 5 топтың қатысуымен, 5 кезеңнен тұрды. Әр кезеңде қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты тапсырмалар беріліп, білім алушылар өз білімдері мен қабілеттерін көрсетті. Сайыс соңында үздік нәтиже көрсеткен топ «Ең білімді топ» дипломымен марапатталды. Қалған топтарға «Сабаққа белсенді қатысқаны үшін» алғыс хаттар табыс етілді. Сайыс-сабақ жоғары деңгейде өтіп, студенттердің қызығушылығын арттырып, өз мақсатына жетті.

<https://www.facebook.com/share/r/1BkS7mfKJL/>



Созақ ауданы Созақ ауылы Созақ АПБ-нің қызметкерлері «№ 1 колледж» МКҚК –да колледж студенттерімен 2025 жыл 11 қыркүйек күні жиналыс өткізілді. Жиналысқа І,ІІ курс студенттері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р. Атажиев, колледж психологы Ш.Жақсыбаева, Созақ АПБ-нің КТІЖ учаскелік полиция инспекторлары аға лейтенант Б.Төлеген, полиция капитаны Р.Уалиевалар қатысып Күн тәртібінде: 1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. 2. Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлыққа қарсы күрес мәселелері талқыланды.

<https://www.facebook.com/share/p/1EbXL4L2WL/>



«Тіл – елдіктің тірегі» апталығы аясындағы танымдық сайыс! 2025 жылдың 11 қыркүйегінде, №1 колледж МКҚК-де Гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан ”Тіл – елдіктің тірегі” апталығы өз жалғасын тапты. Апталық аясында Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Дәулеткелдиева Динара “Звезда Русского Слова” атты интеллектуалды сайыс сабағын өткізді. Сабақтың мақсаты — білім алушылардың орыс тіліне деген қызығушылығын арттыру, сауатты сөйлеу мен жазу дағдыларын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру және топпен жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Сайыс 4 кезеңнен тұрып, екі топ арасында тартысты білім додасы өрбіді. Оқушылар әдеби кейіпкерлерді тану, грамматикалық тапсырмалар, тілдік логикалық ойындар арқылы білімдерін дәлелдеді. Іс-шара білім алушылардың белсенділігі мен тілге құрметін арттырған, тартымды әрі мазмұнды форматта өтті. Апталық аясындағы әрбір іс-шара – жастарды тілге құрметпен қарауға, ұлттық құндылықтарды бағалауға баулитын маңызды қадам.

<https://www.facebook.com/share/v/1D63zjsZdm/>



Радикалды ағымдарға қарсы ақпараттық мәжіліс өтті 2025 жылдың 12 қыркүйек күні «№1 колледж» МКҚК-да жастарды радикалды ұйымдардың арбауынан сақтау және олардың алдын алу мақсатында колледждің акт залында маңызды ақпараттық-танымдық мәжіліс

өтті. Мәжіліс барысында радикалды топтардың соңғы жылдары қоғамға төндіріп отырған қауіптері туралы нақты деректер келтірілді. Сараптамалық мәліметтерге сүйенсек, радикалды ұйымдардың арбауына түсіп, зардап шеккендердің 25%-ын нәзік жандылар құрайды, бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Сондай-ақ, қазіргі таңда әлемнің әртүрлі елдеріндегі лаңкестік әрекеттердің 13%-ы әйелдердің қатысуымен жүзеге асқаны анықталған. Бұл – аса алаңдатарлық жағдай. Неліктен нәзік жандылар? Өйткені радикалды топтар әйелдердің әлеуметтік, психологиялық әлсіз тұстарын өз пайдасына шебер қолдануда. Олар «барлық жағдайыңды жасаймыз», «өмірің өзгереді» деген жалған уәделермен алдап, теріс идеологияға итермелеуде. Осыған байланысты мәжіліс барысында: - Жастардың діни және құқықтық сауаттылығын арттыру; - Адасушылықтың алдын алу жолдарын түсіндіру; - Ақпараттық қауіпсіздікті сақтау жолдары; - Жалған уәделерге сенудің қауіпті салдары кеңінен талқыланды. Түйін: Білім алушылар мұндай арбауға түспеу үшін ең алдымен – ақпараттық сауаттылыққа, отбасылық тәрбиеге, ұлттық сана мен рухани құндылықтарға сүйену керектігін түсінді. Радикализм – болашағыңды ұрлайтын жойқын күш. Ал оның алдын алу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

<https://www.facebook.com/share/p/1Bf9U247qv/>



«Тіл – елдіктің тірегі» апталығы қорытындыланды 2025 жылдың 12 қыркүйек күні «№1 колледж» МКҚК қабырғасында «Тіл – елдіктің тірегі» атты апталықтың қорытынды шарасы өтті. Апталықтың жабылу рәсімі ағылшын тілі пәні оқытушылары — Тагиева Жейран мен Турайсова Алтынайдың ұйымдастыруымен өткен «Journey to the Historical City» (Тарихи қалаларға саяхат) атты танымдық сайыс сабағымен түйінделді. Сабақтың негізгі мақсаттары: - Білім алушылардың өз халқының және өзге елдердің тарихи-мәдени мұрасына құрметпен қарауын қалыптастыру; - Ағылшын тілінде сөйлеу, сұрақ қою, сипаттау, салыстыру сияқты тілдік дағдыларды дамыту; - Мәдени-тарихи құндылықтарға қызығушылықты арттыру, таным аясын кеңейту. Сайыс барысында студенттер әлемнің түрлі тарихи қалаларына «саяхаттап», сол елдің мәдениеті мен тарихи мұралары жайлы ақпарат беріп, шығармашылық тапсырмаларды орындады. Сабақ жоғары танымдық және әдістемелік деңгейде ұйымдастырылды. Апталық аясында ерекше белсенділік танытқан білім алушылар марапатталып, ұйымдастырушыларға алғыс білдірілді. Бұл шара — тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық сана мен мәдениеттің негізі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

<https://www.facebook.com/share/v/1CQm6jPck2/>



“Тату отбасы – Бақыт кілті” Суреттер көрмесі – шығармашылық пен рухани құндылықтың тоғысы «№1 колледж» МКҚК-де директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиевтің бастамасымен, «Біртұтас тәрбие ісі» тұжырымдамасының жылдық жоспарына сәйкес «Тату отбасы – Бақыт кілті» тақырыбында ерекше суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты – студенттерді шығармашылыққа баулу, отбасылық құндылықтарды ұлықтау, отбасының қоғамдағы маңызын түсіндіру мен дәріптеу. Көрмеге қатысқан студенттер қиял мен шабытына ерік бере отырып, әрбір сурет арқылы отбасының – біртұтас мемлекеттің негізі екенін, ал татулықтың – кез келген жетістіктің бастауы екенін шебер бейнеледі. Әр туынды – бір ой, әр бояу – бір жүрек сөзі. «Отбасы – шағын мемлекет» десек, сол мемлекеттің іргесі сенім, махаббат, қолдау арқылы қаланады. Тату отбасы – адамның бақытты өмірінің негізі, рухани тірегі. Дәйек сөз: «Тату отбасында – тәрбие, сенім мен бақыт қатар жүреді.» Бұл көрме – колледж жастарының ой өрісінің кеңдігін, жан дүниесінің байлығын, қоғамдық құндылықтарға деген ішкі көзқарасын танытты.

<https://www.facebook.com/share/p/1BQsehDTqa/>



Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің 2025 жылғы 20 ақпандағы №6- 12/696 хатына сәйкес, Түркістан облысының Білім басқармасына қарасты «№1 Колледж» МКҚК-да Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиевтің, Жастар ісі жөніндегі инспектор О.Қасымбектің, Психолог Ш.Жақсымбаеваның ұйымдастыруымен «Менің жетістігім-Менің нәтиже» атты дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Мамандандырылған Колледж студенттері мамандық қана алып шықпай, болашақта нақты бір жетістіктерге жету үшін тынбай еңбек етуі, еліне адал қызмет етуі туралы нақты түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Нәтижеге жету үшін-әр адам өз ісіне адал қызмет етуі керек.

<https://www.facebook.com/share/p/1BzYZBKk82/>



22-26 қыркүйек аралығында «№1 колледж» МКҚК бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес 22 қыркүйек күні колледж педагог-психологы Ш.Жақсыбаева «Өмірдің мәні-қымбат қазына» тақырыбында студенттерге ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Суицидтің алдын алу үшін бірінші кезекте күнделікті қарым-қатынастағы жақын адамдарымызға жылы шырай танытып, ішкі жан дүниесін түсінуіміз қажет. Осы арқылы ғана жақсы нәтижеге жетеріміз хақ. Сонымен қатар түрлі

қолдау орталықтары бар екендігін студенттерге айтып жеткізу. Солардың көмегіне жүгініп, өмірімізге нәр ала білсе, бұл мәселелерді еңсере алатынын жеткізу

<https://www.facebook.com/share/r/1BCcnENPQg/>



22-26 қыркүйек аралығында «№1 колледж» МКҚК бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес 23 қыркүйек күні колледж педагог-психологы Ш.Жақсыбаева «Жалғыз емессің-көмек қашанда қасыңда» тақырыбында студенттермен сеніммен қолдау күнін ұйымдастырды. Мақсаты: -студенттерге өмір құндылығы туралы теріңірек түсінік беру; -өмірге құштарлықтарын дамыту; -өмірдің мәнін түсінуге тәрбиелеу;

<https://www.facebook.com/share/r/1BVmfiBC5e/>



2 қазан – Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметкерлері күні ! Елімізде 23 қыркүйек пен 2 қазан аралығында өтіп жатқан он күндік марафон аясында колледжімізде «Елдік челлендж» және «Алғыс лентасы» шаралары ұйымдастырылды. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – еңбек адамдарына және ТЖКББ саласында аянбай қызмет етіп жүрген ұстаздар қауымына алғыс айту, олардың қоғамдағы айрықша рөлін дәріптеу. ТЖКББ жүйесінің педагогтері тек білім беруші ғана емес, елдің кәсіби мамандарын тәрбиелеп, экономиканың, инновацияның және қоғамның дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Осы мерейлі күні барша әріптестерімізге мықты денсаулық, сарқылмас шабыт, шәкірт тәрбиелеудегі табыстар тілейміз! Еңбектеріңіз жана берсін, мәртебелеріңіз биіктей берсін! #ТЖКББкүні #ҰстазғаАлғыс #АлғысЛентасы #ЕлдікЧелендж #ЕңбекАдамы

<https://www.facebook.com/share/r/17V4ZJfaF4/>



23 қыркүйек күні №1 колледж әдіскері А.Абдихаеваның ұйымдастыруымен «Жас маман – жаңашылдық пен даму кепілі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның мақсаты: Жас мамандардың кәсіби дамуына қолдау көрсету; Ұжымға бейімделуіне көмектесу; Қиындықтарды бірге талқылап, шешу жолдарын қарастыру; Тәжірибе алмасу және серіктестік орнату. Жиын барысында жас педагогтер өз ойларымен бөлісіп, өзара пікір алмасты. Ұжымдық қолдаудың маңыздылығы мен педагогикалық тәжірибе алмасудың тиімді жолдары талқыланды. Шет тілі пәні оқытушысы Турайсова А.С. «Инновациялық технологияларды ағылшын тілінде қолдану» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Баяндама барысында заманауи технологияларды тіл үйрету үдерісіне тиімді енгізу жолдары, интерактивті әдістердің артықшылықтары және сабақты қызықты ұйымдастыру тәсілдері талқыланды. Жас мамандар үшін бұл кездесу кәсіби бағыт-бағдар беріп, өз тәжірибелеріне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BuSXrWBmi/>



ТЖКБ Әуені – Колледж маршы ТЖКББ жүйесінің құндылықтары мен миссиясын, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығы мен беделін арттыру мақсатында колледжіміздің білім алушылары зор ықыласпен «Колледж маршын» орындап шықты. Сөзін жазған – Бөргазы Өскен Әуенін жазған – Пернебай Иманқұлов Бұл бастама ТЖКББ қызметкерлері күні аясында ұйымдастырылған 10 күндік марафонның бір бөлігі болып, жастардың кәсіби білімге деген құрметін, ұжымдық рухы мен ынтымағын айқындай түсті. #ТЖКБәуені #КолледжМаршы #КәсібиБілім #ЖұмысшыМамандығыЖылы

<https://www.facebook.com/share/r/1Fe7Kt7ASr/>



22-26 қыркүйек аралығында «№1 колледж» МКҚК бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес 24 қыркүйек күні колледж педагог-психологы Ш.Жақсыбаева өмірді бағалау күні «Өмір ең үлкен құндылық» тақырыбында студенттермен тренинг ұйымдастырды. Мақсаты: Студенттерді Өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын

арттыру, өмір туралы ұғымдарын дамыту, бір – бірін түсіну, ой – пікірлерін ашық айта білуге дағдыландыру

<https://www.facebook.com/share/r/1LrWXNC7VQ/>



АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРМЕН САБАҚ 25.09.2025 жылы Түркістан облысы білім басқармасына қарасты «№1 колледж» МКҚК –ның акт залында 1 курс студенттерімен Созақ МСАК ортылығының әлеуметтік қызметкері Т.Орман, Психолог Т.Дадехан және колледж педогог психологы Ш.Жақсыбаевалар «Суицид – жанның айқайы» тақырыбында сабақ өтіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Студенттер берілген сауалнамаға жауап берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Anv1tXLWd/>



ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА. 25.09.2025 жылы Түркістан облысы білім басқармасына қарасты «№1 колледж» МКҚК –ның акт залында Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК-ның мамандары дәрігер-эпидемиолог Қ.Б.Диханбаев және Е.С.Есимовтер студенттермен «АИТВ инфекциясының алдын алу және АИТВ-инфекциясымен өмір сүретін адамдардың құқығын қорғау» тақырыбында семинар сабақ өткізілді. Колледждің медбикелері А. Тайрова мен А.Сейткадыроваларда қатысып студенттердің қызықтырған сұрақтарына жауап берді. Студенттерге тақырып бойынша қағаздар таратылып берілді. Мақсаты:СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыта түсу. Студенттерге СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін жете түсіндіру

<https://www.facebook.com/share/p/1UGKtfRLEd/>



22-26 қыркүйек аралығында «№1 колледж» МКҚК бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес 25 қыркүйек күні колледж педагог-психологы Ш.Жақсыбаева өзінді құрметтеу күні «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында студенттермен кеңес беру сәтін ұйымдастырды.

📌 Мақсаты: Өмір құндылығы туралы түсініктерін одан әрі тереңдету;

📌 Міндеттері: өмірге құштарлығын дамыту; өмірдің мәнін түсінуге тәбиелелеу


<https://www.facebook.com/share/r/1BXQBk7PRD/>

22-26 қыркүйек аралығында «№1 колледж» МКҚК бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес 25 қыркүйек күні колледж педагог-психологы Ш.Жақсыбаева өзінді құрметтеу күні «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында студенттермен кеңес беру сәтін ұйымдастырды.
📌 Мақсаты: Өмір құндылығы туралы түсініктерін одан әрі тереңдету;
📌 Міндеттері: өмірге құштарлығын дамыту; өмірдің мәнін түсінуге тәбиелелеу



22-26 қыркүйек аралығында «№1 колледж» МКҚК бойынша кәмелет жасқа толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара жоспарына сәйкес 26 қыркүйек күні колледж педагог-психологы Ш.Жақсыбаева «Менің болашағымдағы өмірім» тақырыбында студенттермен арт-терапиясын ұйымдастырды. Мақсаты: Студенттердің бойындағы мазасыздану, қобалжу, үрейді азайтып сәттілікке бағыттау, ерік-жігерін, өз қабілетін дамыту. Өздеріне деген сенімділікті арттыру және жағымды көңіл-күй қалыптастыру

<https://www.facebook.com/share/r/1BoXqGU7ZU/>



«ЕҢБЕК НАРЫҒЫН САЙ КАДР ДАЯРЛАУ: КОЛЛЕДЖ БЕН КӘСІПОРЫНДАР ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ» Бүгін, 26 қыркүйек күні Түркістан облысы әкімінің 2025 жылғы 6 ақпандағы «Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес “№1 колледж” МКҚК қабырғасында «Студенттен маманға дейінгі жол» тақырыбындағы Форсайт-сессия аясында «Еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау: кәсіпорындар мен колледждер серіктестігі» атты маңызды семинар өтті. Семинардың негізгі мақсаты – еңбек нарығының бүгінгі талаптарына сай білікті маман даярлау үшін колледждер мен жұмыс беруші кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты

нығайту, тәжірибе алмасу және тиімді серіктестік тетіктерін қалыптастыру болды. Бағдарлама барысында: Түркістан облысының білім басқармасы өкілдері, ауыл әкімі, әлеуметтік әріптестер мен кәсіпорын басшылары құнды ойларымен бөлісті; «Волковгеология» АҚ филиалы, «Геологиялық барлау экспедициясы №5»-тің басшысы К.Бекишов баяндама жасады; Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері дәнекерлеу, тігін өндірісі, химия салалары бойынша тәжірибелік тренингтер мен шеберлік сабақтарын өткізді. Семинар қорытындысында №1 колледж және ірі өндіріс орындары арасында маңызды қадам жасалды. Атап айтқанда, «Қаратау» ЖШС бас директоры Искаков Дәуіржан Мұхаммеджанұлы және «Аппак» ЖШС бас директоры Маркенбаев Жұмағали Жұматайұлы колледжбен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат – түлектеріміздің кәсіби дамуына, өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосады деп сенеміз. Осы игі шараға атсалысқан барлық қонақтарға, әріптестерге және студенттеріміздің болашағына бейжай қарамай қолдау білдірген кәсіпорын басшыларына шынайы алғыс айтамыз! #ЖұмысшыМамандықтарЖылы #ФорсайтСессия #N1Колледж#Әлеуметтік серіктестік

<https://www.facebook.com/share/v/1N3VRPjDq6/>




Қыркүйек айының 30-ы күні СОЗАҚ АУДАНДЫҚ ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ «№1 колледж»МҚКҚ-на келіп,тренинг өткізді.«Отбасын қолдау орталығы» қызметкерлері,яғни психолог Серікова Жазира Асылбекқызы,Ыдырысова Құралай Мұхтарқызы түсіндірме жұмыстар жүргізді. Тренингтың нақты мақсаты: 1) Психологиялық кеңес; 2) Құқықтық көмек; 3) Әлеуметтік қолдау; 4) Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту; 5) Жанұялық жанжалдарды шешу; 6) Дағдарыстардағы отбасыларға қолдау көрсету бойынша нақты қызмет атқарады; Студенттермен кері байланыс,сұрақ-жауап жүргізілді.Кез келген отбасылық,жеке мәселелерді шешу үшін +7(775) 027-55-87 +7(72546) 4-25-32 Номерлері арқылы,не болмаса otbasyn_qoldau_sozak_audany инстаграмм парақшасы арқылы толық білуге болады.

<https://www.facebook.com/share/p/1Bi3eM4nG3/>



«Бір шебер – жүз бейне» бейнежобасы аясында, ТЖКББ қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай 23 қыркүйек пен 2 қазан аралығында колледжімізде «Бір шебер – жүз бейне» атты бейнежоба ұйымдастырылды. Бұл жоба – өндірістік оқыту шеберінің кәсіби қырын ғана емес, сондай-ақ олардың өмірлік болмысын, жеке қызығушылықтары мен ұстанымдарын көрсетуге бағытталған. Бейнежобаға қатысқан «Арнайы тігінші» мамандығының өндірістік оқыту шебері, 15 жылдан астам еңбек өтілі бар білікті маман – Ушибаева Гүлнара Маратқызы өз шеберлігі мен ұстаздық жолдағы адалдығын паш етті. Гүлнара Маратқызы – кәсіби шебер ғана емес, шәкірт жүрегіне жол таба білетін мейірімді ұстаз. Ол өз ісін асқан жауапкершілікпен атқара отырып, студенттердің бойына еңбексүйгіштік пен табандылық қасиеттерін сіңіруде. Оқудан тыс бейнесі: Жұмысынан кейін Гүлнара Маратқызы шығармашылыққа, сәндік-қолданбалы өнерге, тігін саласындағы жаңа үлгілерді ізденуге ерекше көңіл бөледі. Ең бастысы- өзі меңгерген білімін, қол өнердегі тәжірибесін жас мамандарға үйретіп, бөлісуде. Сонымен бірге отбасына қамқор, балаларына сүйікті ана, айналасына үлгі болар жан. Ол спорт пен денсаулыққа да назар аударып, уақытын тиімді пайдалануға тырысады. Осы қырларымен ол «Бір шебер – жүз бейне» жобасына әбден лайықты тұлға деп санаймыз. #біздіңТЖКБ #біздіңШебер

<https://www.facebook.com/share/r/17YyuFwrLn/>



Колледжімізде 1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты концерттік бағдарлама өтті. Шараның мақсаты – өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған қарттарымызға құрмет көрсету, олардың жүріп өткен өнегелі жолын жастарға үлгі ету, қоғамда үлкенге ізет, кішіге құрмет дәстүрін жалғастыру. Бұл күні жүректеріміз мейірімге толып, көңілдеріміз ізгілікпен шуақ шашты. «Қария – ел қазынасы, ұрпақ – ел болашағы» деген асыл сөздің айғағындай, біз даналықтың қайнар бұлағы – қарияларымызға тағзым еттік. Ән де, би де, жыр да – бәрі де ардақты қарттарымыздың құрметіне арналды. Қарттарды ардақтау – ұлттың парызы, ұрпақтың аманаты, елдің еңсесін биіктететін қасиетті дәстүр.

<https://www.facebook.com/share/p/1FrQpyZo2F/>




«Студенттер vs Педагогтер» шығармашылық-спорттық марафоны №1 колледжде 23 қыркүйек пен 2 қазан аралығында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған 10 күндік марафон аясында ұстаздар мен студенттер арасында волейболдан жарыс өтті. Бұл жарыстың негізгі мақсаты – колледж ішіндегі бірлікті қалыптастыру, қатысушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау. Жарыс барысында командалар өзара бақ сынап, ұйымшылдық пен шеберліктің үлгісін көрсетті. Мұндай шаралар студенттер мен педагогтерді жақындастырып, ортақ рух пен ынтымақты арттыра түсері сөзсіз! #СтуденттерVsПедагогтер #ВолейболЖарысы #1колледж #ТжКББкүні2025

<https://www.facebook.com/share/p/1AzETDc3iM/>



2025 жылы «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ОӨСС басшылары мен қызметкерлері «№1 Колледж» МКҚК-ға келіп, «Адал еңбек-адал табыс» тақырыбында түсіндірме жұмыстар мен практика жұмыстарын жүргізді. Негізгі мақсаты: Колледже білім алып жатқан студенттерді Ауыл Орман Шаруашылығына шақыру; Практика жұмыстары арқылы Студенттердің қызығушылығын арттыру; Қатысқандар: Аға орманшы: Дәуленбаев Лесбек Орман шебері: Төребаев Бурабай, Мейірбекұлы Алмат ОӨСС басшысы: Ыбраев Серік Орманшылар: Шүніреков Нұрбол, Жұпарбай Нұрдаулет, Смайыл Серікқали, Шәріпханов Қанатжан, Барлыбай Мағжан, Арынов Елбасы, Мәуленов Фархат Жасақшылар: Беркімбаев Данил, Аман Рысбек, Марайымов Әлишер Өрт сөндіру көлігінің жүргізушілері: Қалмұратов Пернебек, Хайрулапов Махсұтқали

<https://www.facebook.com/share/p/1ALerbAqSy/>



«ТЖКБ жүрегі / Сердце ТиПО» флешмобы Бүгін, 2 қазан – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметкерлері күніне орай колледжімізде ерекше әрі мағыналы іс-шара өтті. Бұл күн – ұстаз еңбегіне тағзым етіп, жас ұрпаққа жол көрсетуші жандардың мәртебесін айшықтайтын мереке. Осы мерекенің аясында ұйымдастырылған «ТЖКБ жүрегі / Сердце ТиПО» флешмобының басты мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің ашықтығын көрсету, ұйымшылдық пен бірлікті дәріптеу, студенттер мен ұстаздар арасындағы рухани байланысты нығайту болды. Флешмоб барысында барлық студенттер мен ұстаздар колледж ауласында үлкен жүрек пішінін құрап сап түзеді. Бұл жүрек – жай ғана бейне емес, ортақ мақсатқа ұмтылған білім ордасының, ел ертеңін тәрбиелеп отырған ұстаздар қауымының және жалынды жастардың бірлігін бейнелейтін символ. Биіктіктен қарағанда ерекше әсер қалдырған бұл көрініс – ТЖКБ жүйесінің біртұтас жүрегі дүрсілдеп тұрғандай әсер сыйлады. Бұл флешмоб – тек әдемі көрініс емес, терең мәнге ие іс-шара. Ол әр ұстаздың жүрегінде шәкіртке деген мейірім, әр студенттің жүрегінде білімге деген құштарлық, ал баршамыздың жүрегімізде бірлік пен болашаққа деген сенім бар екенін көрсетті. Осындай бастамалар арқылы біз тек мерекені атап қана қоймай, қоғамға ұстаздың қадірі мен ТЖКБ жүйесінің маңызын паш етеміз. #ТЖКБЖүрегі #СердцеТиПО #БірлікСимволы #ҰстаздарКүні

<https://www.facebook.com/share/r/17criEzjjW/>




Колледжіміздің жастар ұйымының ұйымдастыруымен, колледж шәкірттері Ұстаздар мерекесіне орай, ұстаздарға таңғы көңіл-күй сыйлады. Таңертеңнен бастап ұстаздарды жүрекжарды құттықтауларымен қарсы алған шәкірттер мерекелік рух пен шаттық сыйлап, ұстаз еңбегінің қадір-қасиетін айқындай түсті. Бұл шараның басты мақсаты – ұстаздарға деген ерекше құрмет пен алғыс сезімін жеткізу, олардың қоғамдағы мәртебесін асқақтату. Жастар ұйымының бастамасымен ұйымдастырылған құттықтаулар ұстаздарға қуаныш сыйлап қана қоймай, шәкірт пен ұстаз арасындағы рухани байланысты нығайтуға бағытталды. Сонымен қатар, бұл бастама арқылы ұстаздың еңбегінің өлшеусіз екені дәріптеліп, шәкірт жүрегіндегі риясыз ықылас пен сүйіспеншілік айқын көрініс тапты. Ұстаздар білім ордасына қадам басқан сәттен-ақ мерекелік көңіл-күйге бөленіп, шәкірт тілектерінен қуат алды. Жалпы, шара ұстаздың ұлы тұлға екенін ұлықтап, жастар санасына «Ұстаз – өнеге, ұстаз – тағылым» деген биік ұғымды орнықтыруды мақсат етті.

<https://www.facebook.com/share/r/1BVqX5bFMa/>



Ұстаз – ұлттың шамшырағы, рухтың тірегі! 3 қазан күні колледжімізде Ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, ұлағатым – үлгі өнегем» атты мерекелік концерт өтті. Шәкірттер аяулы ұстаздарына жүрекжарды әнін, мың бұралған биін, арнау жырын тарту етіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Бұл күн ұстаз еңбегінің бағаланған күні де болды. Облыстық деңгейдегі байқаулар мен олимпиадаларға шәкірт тәрбиелеп, колледждің мерейін үстем етіп жүрген ардақты ұстаздарымызға Алғыс хаттар табысталды. Ұстаз еңбегі – ұрпақпен мәңгілік. Ұрпақ жетістігі – ұстаздың жемісі. Барша ұстаздарымызға шығармашылық табыс, баянды бақыт, шәкірт биігіне қуану бақытын тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/p/1AXHLuhNDd/>



«№1 колледж» МКҚК-нан 25 (жиырма бес) студент Президентіміз Қ.Тоқаевтың 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауына орай, «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорындары мен колледждер арасында тығыз байланыстар орнатудағы мақсатта Созақ ауданындағы «КАР Logistics» «Орталықтандырылған автотасымалдау» базасы филиалы ЖШС-де 2025 жыл 3 қазан күні өткізілген «Ашық есік» күніне қатысып қайтты.

<https://www.facebook.com/share/p/17aCxak3Vd/>



Әр үйдің қырманы толатын, берекелі де мерекелі алтын күз де келіп жетті. Күз – молшылықтың, байлықтың, берекенің кезі. Қырман басы тазаланып, бау – бақша жиналып, құс базары тарқайтын кез. Күздің байлығы - бау-бақшамызда әбден пісіп жетілген көкөністер мен жемістер, егіннің иіліп тұрған бастары. Дастарқанымыз молшылыққа, ет пен майға толы кезең. Күз мезгілінің бірінші айында колледжде үлкен мереке «Алтын күз жәрмеңкесі» өтті. Жәрмеңкеге студенттер мен оқытушылар қатысты. Колледж ішінде ұйымдастырылған шағын жәрмеңке 10- айлық студенттері дайындаған тағамдардың көп түрлілігімен таң қалдырды. Жәрмеңке сөрелерінен: сүт тағамдары, қолдан жасалған кондитерлік өнімдер мен түрлі тағамдар, қолөнер туындылары және т.б. орын алды. Студенттердің дайындығы жоғары деңгейде болды. Ұйымдастырушылар 10- айлық тобының кураторлары Медеубаева Ү., Аженова Ж., Қорғанбаева А. Күз көріністерінен тақпақтар айтылып, әсем әндерімен жәрмеңкеге келушілердің көңіл күйлерін көтерді. Дәстүрге айналған күзгі жәрмеңке келер жылы да өз жұмысын жалғастырады. Еңбек түбі-береке екенін әрқашан да жадымыздан шығармағанымыз жөн.

<https://www.facebook.com/share/r/19RK2nkKYu/>




«Білім алудың тамыры ащы,бірақ жемісі тәтті» 2025 жылдың 9 қазан күні «№1 Колледж» МКҚК-де «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті» тақырыбында студенттер арасында пікірсайыс(дебат)өтті. Дебат барысында жастар білімнің маңыздылығы, қазіргі білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы өз ойларын ортаға салып, тың дәлелдермен пікір таластырды. Шараның мақсаты – студенттердің сыни ойлауын, еркін сөйлеу қабілетін дамыту және білімге деген көзқарасын тереңдету. #ҰшқырОйАлаңы #Пікірсайыс #№1Колледж #Дебат2025

<https://www.facebook.com/share/p/15wNL4Mc7k/>



Қазан айының 17-і күні «№1 Колледж» МКҚК-да 1,2 курстар арасында «Талант табиғаттан, талап өзіңнен» тақырыбындағы «Біз таланттыларды іздейміз» топаралық байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – студенттердің бойындағы өнерін, қабілетін шыңдап, сахнада өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік беру. Ән, би, көркемсөз, қолөнер – барлығы шынайы шабытпен өрілді. Дарынды жастар өз өнерлерімен жүректерді баурап, шабыт пен сенімнің шынайы көрінісін көрсетті. Бұл күн — тек өнер жарысы емес, жігер мен еңбектің жеңісі болды. Жас таланттарды қолдап, шабыт сыйлаған бұл шара – шығармашылық пен сенімділіктің жарқын көрінісі болды. Барлық қатысушы топтарға алғысымызды білдіреміз! Жеңімпаздар анықталды, алайда әрбір өнер көрсеткен студент – біз үшін нағыз жеңімпаз! Біз таланттыларды іздедік — таптық

<https://www.facebook.com/share/v/17ekZsZyNb/>



«№1 Колледж» МКҚК-да қазан айының 20-ы күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Отаным менің- Қазақстаным» патриоттық акциясы аясында студенттермен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Бұл іс-шара Республика көлемінде жүргізіліп жатыр. Барлық ауыл, аудан, қалалық білім мекемелері қатысып жатыр. Мақсаты: Студенттерге 25 қазан-республика күні туралы нақты ақпараттар беру; Егеменді ел болуымыздың алғышарттарын айту; Отаншылдық пен азаматтық сана-сезімді ояту; Сұрақ-жауап, студенттермен кері байланыс орнату; #RepublikDay #Декларация35жыл #25қазан

<https://www.facebook.com/share/p/1DqWmG6UXA/>



20 қазан күні №1 колледж МКҚК медбикесі А.Тайрова және А.Сейтқадырова, Созақ МСАК орталығының психолог Т.Дадехан , әлеуметтік қызметкер Т.Орман ұйымдастыруымен 1-2 курс студент қыздарына “ЕРТЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ” тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты — жасөспірім қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу, олардың өмірлік жауапкершілік пен денсаулық туралы түсініктерін арттыру болды. Семинар барысында мамандар қыз балаларға репродуктивті денсаулық, жауапты мінез-құлық, өз-өзіне сенімділік пен қауіпсіз қарым-қатынас құру жайында кең көлемді ақпарат берді. Ашық әңгіме форматында өткен кездесуде қатысушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, пайдалы мәліметтер алды. Бұл шара — саналы өмір салтын ұстануына, өзін-өзі тануына және болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал ететін маңызды қадамдардың бірі.

<https://www.facebook.com/share/p/17oFutwtvx/>



Бүгін «№1 колледж» МКҚК да студенттердің қатысуымен «Республика-халық бірлігінің белгісі» тақырыбында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылды. Студенттерге қоршаған ортаны тазалап, табиғатты қорғаудың маңызын насихаттадық. Бұл шара халық бірлігін нығайтып , туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырады!

<https://www.facebook.com/share/r/17e1LA5DWB/>



№1 Колледж» МКҚК-да қазанның 21-і күні Қазақстан Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай жұмыс жоспарына сәйкес «Отан-ортақ үйіміз» тақырыбында патриоттық челлендж өткіздік. Челлендждің мақсаты: Жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін өнермен,сөзбен,іспен жеткізу; Жастар арасында патриоттық тәрбиені қалыптастыру; Ел бірлігі,бейбітшілік пен татулықтың маңызын түсіндіру; Шығармашылық қабілеттерін дамыту; Тәуелсіздікті бағалауға үйрету; Мемлекеттік мерекеге орай,құрмет пен таным қалыптастыру; Бірлігі жарасқан елдің ертеңі - жастардың қолында!!!! Туған елім-Қазақстан,мәңгі жаса!!!! #Декларация35жыл #25қазан #Бізбіргеміз #Жастардыңқолында

<https://www.facebook.com/share/r/17WsZgmXBq/>



«№1 Колледж» МКҚК-да 22-і күні 25 қазан Қазақстан Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай жұмыс жоспарына сәйкес «Отан - Жүрегіміздің тірегі» тақырыбында дебат өтті. Отан жүректен басталады. Ал, жүрегі ояу жастар-ел болашағы!!!

Сөз саптауы, ой тереңдігі, ұлтқа деген жанашыр көзқарас-барлығы да болашақ ел тізгінін ұстайтын жастардың дайын екенін дәлелдеді.

📌 Дебаттың негізгі мақсаты:

- ✅ Студенттер ойын нақты жеткізе білу;
- ✅ Отанға деген көзқараспен сүйіспеншілігін көрсету;
- ✅ Жастар арасында патриоттық сезімді ояту;
- ✅ Тәуелсіз елдің құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу;
- ✅ Қазақстандағы ұлттар достығын, бейбітшілік пен бірлікті насихаттау;

[#Декларация35жыл#25қазан#Бізбіргеміз#Дебат](https://www.facebook.com/share/p/17UfXNSUqJ/)

<https://www.facebook.com/share/p/17UfXNSUqJ/>



«№1 Колледж» МКҚК-да 22-і күні 25 Қазан Қазақстан Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай жұмыс жоспарына сәйкес «Туған жер алтын бесігіміз» тақырыбындағы Созақ ауылындағы тарихи жерлерге студенттер танымдық экскурсия жасады. Сапардың мақсаты-жас ұрпақты туған өлкенің тарихи, рухани мұраларымен таныстырып, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру. Экскурсия барысында студенттер: атақты Қарабура әулие кесенесі; Әже Ата кесенесі (XIX ғ. соңы) көне Созақ қорғаны; және тағыда басқа тарихи нысандардың тарихымен танысып, таным көкжиегін кеңейтті. Созақ жері - тарихы терең, тағылымы мол, әр басқан жерлері тарихтан сыр шертетін әулиелі жер. Алғашқы Қазақ хандығының да астанасы болғаны туралы деректер бар. Бұл - тек сапар емес, бұл - өткенге тағзым, болашаққа бағдар. Туған жердің тарихын білу - әрбір жас буынның рухани міндеті. #RepublicDay #Декларация35жыл #25қазан #Экскурсия

<https://www.facebook.com/share/p/1FzPW5sDHv/>



Қазан айының 22-і күні Созақ ауылдық мәдениет үйінде 25 Қазан - Республика күніне орай «Бақытты қоғам - Салауатты сана» тақырыбында психологтар арасында шығармашылық байқау өтті. Байқау Созақ аудандық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы фракция мүшесі, кәсіпкер Әлібеков Жәдігер Амангелдіұлының демеушілігімен кәсіби дамуға, креативті ойлауға, психология мен өнердің байланысын көрсетуге бағытталды. Байқауға Созақ ауылындағы барлық мекемелердің психологтары қатысты. Байқау қатысушылары 4 шарт бойынша бақ сынады. Өздерінің жеке фантазияларымен, түрлі ойлау қабілеттерімен, барлық шарт бойынша жоғары деңгейде өнер көрсетті. «№1 Колледж» МКҚК-нан психолог Жақсыбаева Шолпан қатысып, жүлделі

1-ші орын(40 000 тг ақшалай сыйлық) алды. Алдағы жарыстарда да сәттілік тілейміз!!!
Өнеріңіз өрлей берсін!!! Тек биіктен көріне беріңіз!!! #Республикакүні #25қазан
#Мәдениетүйі #Жарыс

<https://www.facebook.com/share/r/1FqxaZbZE8/>



«№1 Колледж» МКҚК-да 23-і күні Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай жұмыс жоспарына сәйкес «Республика күні-елдік пен еркіндіктің мерекесі» тақырыбында орыс тілі пәнінің мұғалімі Нұрмаханова Умиданың жетекшілігімен ашық тәрбие сағаты өтті. Ашық тәрбие сағатқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Атажиев Руслан Зафарұлы қатысып, әділ қазылық етті. Республика күні туралы тың деректермен мәліметтер айтылды. Тәрбие сағатының мақсаты: студенттерді жүйелі ойлау, белсенділік қабілеттерін дамытып қана қоймай, Республика күні туралы арнайы сұрақтарды қою арқылы ой өрістерін дамыту. #RepublicDay
#Декларация35жыл #Мерекелік іс-шара #25қазан

<https://www.facebook.com/share/r/14LWc9YHQLW/>



«№1 Колледж» МКҚК-да 23-і күні Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай жұмыс жоспарына сәйкес «Менің жетістігім-елімнің жетістігі» тақырыбында А.Гаиповтың жетекшілігімен 1,2,3-ші курс студенттері арасында кіші футболдан жарыс өтті. Жарыстың мақсаты: студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа қызығушылығын арттыру, командалық рух пен достық қарым-қатынасты нығайту. Жарыс барысында студенттер өздерінің ептілігі мен шеберлігін танытып, жеңіске деген жігер мен бірліктің үлгісін көрсетті. Іс-шара жастардың спортқа деген құлшынысын арттырып, мереке рухын көтерген әсерлі дода болды. #RepublicDay
#Декларация35жыл #Мерекелік іс-шара #25қазан

<https://www.facebook.com/share/p/17yhXfNYbf/>



Бүгін, 24 қазан – Республика күні және Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына орай колледжде қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы Л.Аманбаева білім алушылар арасында эссе жазу байқауын ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойында елжандылық сезімін


қалыптастыру, еліміздің тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи оқиғаларды дәріптеу, сондай-ақ қазақ тілінің мәртебесін арттыру мен жазу мәдениетін дамыту. Эссе жазу барысында студенттер “Республика – еркін елдің еңсесі” тақырыбы төңірегінде өз ойларын еркін жеткізіп, туған елге деген сүйіспеншіліктерін әсерлі сөздермен өрнектеді. Бұл шара білім алушылардың шығармашылық қабілетін шындап, отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға зор үлес қосты. Республика күні – еліміздің еркіндігі мен бірлігінің нышаны! #Республикакүні #Декларация35жыл #Тәуелсіздік рухы #Қазақтілі

<https://www.facebook.com/share/p/17UHpr7vxF/>



«№1 Колледж» МКҚК-да 24-і күні Республика күніне және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына орай жұмыс жоспарына сәйкес «Қыран елім - Қазақстаным» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шара барысында студенттер еліміздің тарихына тағзым етіп, Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін дәріптеді. Ән мен жыр, би мен көрініс арқылы олар Отанға деген сүйіспеншіліктерін паш етті. Мерекелік кеш көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, Тәуелсіз еліміздің қадір-қасиетін, бейбіт өмірдің бағасын сезіндірген тағылымды шараға айналды. Азаттығы мәңгі өлмейтін ұлы елдің ұрпағы – бізбіз!!! #RepublicDay #Декларация35жыл #Мерекелік іс-шара #25қазан

<https://www.facebook.com/share/p/17RzpBYRfQ/>



«№1 Колледж» МКҚК-да Жастар ұйымы мен көркемөнерпаздар ұйымының ұйымдастыруымен Қазан айының 30-ы күні «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында «Күз-береке бастауы» атты жұпаралық байқау өтті. Әділ қазы алқалары: Созақ ауылдық әкімшілігінің жастар ісі жөніндегі инспекторы-Жақсылыққызы Ханзада Колледждің әлеуметтік педагогы-Іңкәрбекова Мақпал Ағылшын тілі практиканты-Рустем Дилраба әділ қазылық етті. Байқау 4 кезеңнен тұрды: 1) Таныстыру 2) Өз өнері 3) Қолөнер 4) Сән үлгісі Студенттер өз өнерлерін паш етіп, күзгі шабытпен бөлісті. Күз – тек табиғаттың ғана емес, жүректің де әсемдігі екенін тағы бір дәлелдеді. Студенттер келесі орындар бойынша марапатталды: Бас жүлде-Ержігіт Жанар(16 топ қатысушысы) орын-Сұлтанбек, Ұлдана(103,25 топ қатысушылары) орын-Азатбек, Назар(103,24 топ қатысушылары) орын-Асқар, Фариза(102,23 топ қатысушылары)

<https://www.facebook.com/share/r/1Kqpy633TN/>



№1 Колледж» МКҚК-да қараша айының 3-і күні Түркістан облыстық ҚХА жанындағы Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Әшірбаев Бахытжан Шәкірұлы, аналар кеңесінің төрағасы Тоққұлова Гүлсара Төлебекқызының ұйымдастыруымен «Татулық пен келісімхалық даналығының мәңгілік аманаты», «Ел қауіпсіздігі - тыныштық пен тұрақтылық кепілі» тақырыптарында студенттермен түсіндірме, кездесу жұмыстарын жүргізді. □ Бұл тағылымды кездесу-жастардың санасына бейбітшілік пен бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың маңызын сіңіруді көздеді. □ Жастар арасындағы жиі орын алатын нашақорлық, буллинг, лудомания тағы да басқа өзекті мәселелерді қозғады. Олардың алдын алу үшін нақты қадамдарды атап өтті. Осындай тағылымды жүздесулер – ұрпақ тәрбиесінің алтын арқауы.

https://www.instagram.com/p/DQmp1j3DXED/?utm_source=ig_web_copy_link



«№1 Колледж» МКҚК-да қараша айының 3-і күні «Менің жетістігім-менің нәтижем» тақырыбында пікірсайыс өтті. Пікірсайыс студенттердің ойлау, сөйлеу, ойын жеткізу қабілеттерін шыңдауға негізделген. Әр студент өз алдына жеке тұлға!!! Пікірсайыс барысында көшбасшылық, сенімділік және логикалық ойлау қабілеттері көрінді. Осындай алаңдар жастардың жеке дамуына серпін береді!

<https://www.facebook.com/share/p/1CUqdMcTTo/>



«№1 Колледж» МКҚК-да қараша айының 4-і күні оқытушы Атабаев Мамыр Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Жұмысшы мамандықтар жылы» тақырыбында 102-топқа

сынып сағатын өтті. Сынып сағатының мақсаты – студенттерге түрлі кәсіп иелері туралы мәлімет беру, еңбекке деген құрметті қалыптастыру. Сабақ барысында жұмысшы мамандықтардың маңыздылығы мен сұранысы туралы айтылып, мамандық таңдауға бағыт-бағдар берілді. Әр адам өз ісін сүйіп таңдап істесе, сол мамандықтың үздігі болады!!! Сондықтан да студенттерге өз мамандықтарын дұрыс таңдауға көмектесу- бұл біздің міндетіміз!!! Кәсіп – ел дамуының тірегі!!!

<https://www.facebook.com/share/p/1AC89uZ1E4/>



«№1 Колледж» МКҚК-да директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Руслан Зафаровичтың жылдық жоспарына сәйкес қараша айының 5-і күні психолог Ш.Жақсыбаева, әлеуметтік педагог М.Инкарбекованың ұйымдастыруымен «Отбасы - тұлға қалыптасуының негізі» тақырыбында ата-аналар жиналысы мен тренинг өтті. Жиналысқа директор Т.Бейсен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиев қатысып, жиналысты ашып берді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша студенттердің сабаққа қатысу деңгейін, оқу сапасын атап өтті. Әлеуметтік педагог М.Инкарбекова баяндамасымен таныстырды. Колледжде өткен жиналыста оқу-тәрбие процесі, студенттердің жетістігі мен тәртібі қаралды. Ата-аналармен кері байланыс орнатылып, бірлескен тәрбие мәселелері талқыланды. Ортақ мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие.

<https://www.facebook.com/share/r/14NL2zx41QJ/>



«№1 Колледж» МКҚК-да қараша айының 5-і күні колледждің Учаскелік полиция инспекторы АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Оскен Еркебұлан Бақтиярұлының қатысуымен профилактикалық құқықбұзушылықтың алдын алу және заң талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – студенттерге заңға құрметпен қарауды түсіндіру. Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, жастар арасындағы төбелес, жүргізуші куәлігінсіз көлік басқару туралы түсіндірме, ескерту жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, тәртіпті сақтау, қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы мағлұматтар берілді. Бұл кездесу студенттерге заңға құрметпен қарау мен құқықтық жауапкершілікті сезінудің маңызын ұғындырды. Осындай профилактикалық жұмыстар жастардың дұрыс бағытта дамуына ықпал етеді. Тәртіп пен заң – қоғам тұрақтылығының кепілі. Ал оны ұстану – әр азаматтың міндеті!

<https://www.facebook.com/share/p/1A5K699r4H/>



Адал еңбек – адал табыс» 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің орманшы, күзетші және қорықшылары – Ф.Мауленов, Н.Шүңіреков, М.Барлыбай, С.Смайл «№1 Колледж» МКҚК-ға келіп, студенттермен «Адал еңбек – адал табыс» тақырыбында мазмұнды ашық сабақ өткізді. Іс-шара барысында мамандар орман шаруашылығы, табиғатты қорғау, адал еңбектің маңызы туралы мағлұмат беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Бұл кездесу - студент жастардың еңбекке, мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосты. «Туған ел мен жерді қорғау – ұлт алдындағы азаматтық парызымыз.»

<https://www.facebook.com/share/p/14M1aW3QsZf/>



МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА №1 КОЛЛЕДЖДЕ ӨТТІ

«№1 колледж» МКҚК-де Мұнайшылар күніне арналған мазмұнды іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Биылғы шараға Созақ ауыл округіне қарасты мектептердің 9–11 сынып оқушылары арнайы қатысып, мұнай-газ саласы туралы құнды ақпарат алды. Іс-шараға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-на қарасты «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС, «Оңтүстік ВГ» ГРЭ-5, сондай-ақ «КАР Logistics» ЖШС өкілдері қатысып, студенттермен және оқушылармен әсерлі кездесу өткізді. Қонақтар мұнай-газ және уран өндіру саласының қазіргі жағдайы, алдағы жоспарлары туралы айтып, колледж студенттерін өндірістік іс-тәжірибеден өткізу және болашақта жұмыспен қамту мүмкіндіктері жайлы пайдалы ақпараттармен бөлісті. Кездесу барысында екі жақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, сала мамандары мен колледж ұжымы бірлескен жұмыстардың келешегі жөнінде талқылады. Шараға келген оқушылар саланың қыр-сырымен танысып, болашақ мамандық таңдауына бағыт-бағдар алды. Колледж директоры өз сөзінде мұнайшылардың ел экономикасына қосып отырған үлесіне тоқталып, осы салада білім алуға ниетті жастарға сәттілік тіледі. Мұнай-газ саласы – еліміздің стратегиялық тірегі. Болашақ мамандарды даярлау жолында біз әрқашан ашық ынтымақтастыққа дайынбыз!

<https://www.facebook.com/share/v/18EfqwdEzK/>



Қызықты көңіл — студенттік өмір! 17 қараша – студенттер күні қарсаңында Аудандық Жастар ресурстық орталығы мен «№1 Колледж» МКҚК-ның жастар ұйымы және көркемөнерпаздар ұжымы бірлесіп, «Қызықты көңіл, студенттік өмір» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Колледж директоры Т.Бейсен салтанатты түрде шараның шымылдығын ашып, студенттер арасындағы қолөнер сайысына сәттілік тіледі. Қыздар – тігін цехында, ұлдар – шеберханада төрт кезеңнен тұратын шығармашылық байқауда өзара бақ сынасты. Іс-шара «Талапты» тойханасында жалғасып, мерекелік көңілді кешке ұласты. Сайыс жеңімпаздары жүлделі сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталды. Студенттік өмір – тек білім емес, шығармашылық пен белсенділікке де толы өмір кезеңі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді! Бұл күн – білім мен өнер қатар өрілген жарқын студенттік шақтың тағы бір жарқын сәтіне айналды! #СтуденттерКүні #№1Колледж #ЖастарІсШарасы #ҚызықтыКөңіл #ТаланттыЖастар

<https://www.facebook.com/share/r/179d3bKjjM/>



2025 жылдың 20 қараша күні «№1 Колледж» МКҚК-да Созақ ауданы Полиция бөлімінің Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің ҚТІЖ учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Өскен Еркебұлан Бақтиярұлының қатысуымен студенттермен кездесу өтті. Кездесу барысында «Құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг және кибербуллингтің салдары, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жүргізуші куәлігінің көлік басқаруына тыйым салу» тақырыптары қозғалды. Ашық әңгіме форматында өткен кездесудің мақсаты – құқықтық сауаттылықты арттыру, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және заң бұзушылықтың алдын алу болды. #1колледж #Жастарқауіпсіздігі #құқық


<https://www.facebook.com/share/r/18AuBz3Xt1/>



21-қараша күні «№1 Колледж» МКҚК-да Экономикалық тергеп тексеру департаментінің аға жедел уәкілдерімен «Дипфейктер және жаңа қауіп-қатерлер» тақырыбында студенттермен ақпараттық-танымдық кездесу өтті. Кездесуге Түркістан


облысы бойынша Экономикалық тергеп тексеру департаментінің аға жедел уәкілдері Бәкір Нұрмұхаммед Бақытжанұлы, Жанузаков Абулла Талгатович келіп, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі «Интернет алаяқтарынан» сақтану және олардың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізді. *Интернет алаяқтарынан сақ болайық!* Қазіргі таңда алаяқтық түрлері көбейіп, азаматтардың жеке деректері мен қаражатына қауіп төнуде. Бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз!!! Күдікті номерлерге жеке деректеріңізді бермеңіз!!! ”Банк қызметкеріміз” дегендерге сенбеңіз!!! Ресми дереккөздерге ғана жүгініңіз!!!

<https://www.facebook.com/share/r/1GVdjHDKyM/>



«Қиын балалармен жұмыс: жанашырлық пен тәртіп тепе-теңдігі» тақырыбындағы облыстық семинар 2025 жылдың 26 қараша күні «Науайы атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткен «Қиын балалармен жұмыс: жанашырлық пен тәртіп тепе-теңдігі» атты облыстық шеберлік сабағы аясында «№1 Колледж» МКҚК-ның психологы Ш.Жақсыбаева қатысып, «Қиын оқушыларға арналған мінез-құлық ережелері» тақырыбында тренинг жүргізді. Іс-шара тәжірибе алмасуға, кәсіби біліктілікті арттыруға және оқушылармен тиімді жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін меңгеруге бағытталды. #Психология #ШеберлікСабақ #БілімСапасы #№1Колледж #ТәрбиеЖұмысы #ҚиынБалаларменЖұмыс

<https://www.facebook.com/share/r/1Br766e4Jf/>



Кәсіптік бағдар беру жұмыстары 2025 жылдың 27 қарашасында «№1 Колледж» МКҚК-ның директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиев пен өндірістік оқыту шебері З.Қадірқұлов «Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебіне» барып, 2026-2027 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға колледждің білім беру жүйесі, мамандықтар, өндірістік тәжірибе және студенттік өмір жайында жан-жақты ақпарат берілді. Мақсаты: Оқушыларды болашақ мамандық таңдауға бағыттау, колледж мамандықтарымен таныстыру,

техникалық және кәсіптік білімнің маңыздылығын түсіндіру арқылы саналы әрі сапалы таңдау жасауға ықпал ету. «Өз болашағың-өз қолыңда!!» «Болашақ маман-бүгінгі талапкерден қалыптасады!!!» #КәсіптікБағдар #№1Колледж #БолашақМамандық #Талапкер2026

<https://www.facebook.com/share/p/17TuPcKpeo/>




«Еңбек – елдің тірегі» атты мекемеаралық жарыс 2025 жылдың 28 қараша күні Созақ ауылдық Мәдениет үйінде «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында 12 мекеменің қатысуымен «Еңбек – елдің тірегі» тақырыбында мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор сайыс өтті. Шараның мақсаты – жұмысшы мамандықтардың маңызын арттыру, еңбекке баулу, ұжымдық рухты қалыптастыру және шығармашылық әлеуетті дамыту. Сайыс 3 кезеңнен тұрды: Таныстыру Тақырыптық көрініс Арнайы киім үлгісін көрсету «№1 Колледж» МКҚК ұжымы сайысқа белсене қатысып, кәсіби біліктілік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Жоғары деңгейдегі дайындық пен креативтілік нәтижесінде жүлделі ІІІ орынға ие болды. Бұл жетістік – ұжымның бірлігінің, еңбектің және ортақ мақсатқа ұмтылыстың көрінісі. #ЕңбекЕлдіңТірегі #ЖұмысшыМамандықтар2025 #Созақ #№1Колледж #ҰжымЖетістігі

<https://www.facebook.com/share/v/1E8evAQoEK/>



Қауіпсіздік – әрқайсымыздың жауапкершілігіміз! “Қауіпсіз балалық шақ” концепциясы аясында облыс прокурорының орынбасары Д.Тлемисовтың тікелей эфирін №1 колледж студенттері көріп, тыңдады. “Қауіпсіз балалық шақ” – балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, олардың толыққанды дамуына жағдай жасауды, қоғамдағы қауіптерді азайтуды көздейтін кешенді әлеуметтік бағдар. Концепцияның негізгі мақсаты – балалардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік және цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары, ата-аналар мен қоғамның бірлескен іс-әрекетін күшейту.

<https://www.facebook.com/share/p/1CGA6DcvQ9/>



Зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары 2025 жылдың 4 желтоқсанда «№1 Колледж» зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Студенттерге зорлық-зомбылық түрлері, оның бала психологиясына әсері, өзін қорғау дағдылары, қауіп төнген жағдайда қайда жүгіну керектігі туралы жан-жақты мәлімет берілді. Балаларға өз құқықтарын білу, қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылықтың зиянын түсіндіру, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру, өзін-өзі қорғаудың қарапайым тәсілдерін үйрету және зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ құндылығын насихаттау. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» «Бала қауіпсіздігі – ең басты құндылық!» «Зорлық-зомбылықсыз қоғам – жарқын болашақтың кепілі!»

#ЗорлықЗомбылыққаҚарсымыз #ҚауіпсізБала #БақыттыБалалықШақ

#АлдынАлуЖұмыстары

<https://www.facebook.com/share/r/1E16UyJqtG/>



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! Елбасының 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялау аясында 27 қараша күні Қызылорда облысы, Шиелі ауданында Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында “Тау-кен өндірісіндегі инновациялар және мамандар рөлі” тақырыбындағы Республикалық шеберлік байқауы өтті. Бұл беделді додада колледжіміздің білім алушылары жоғары кәсіби шеберлік танытып, “Үздік бұрғылау шеберлері” номинациясының жеңімпазы атанды! Жетекшісі – Анарбеков Мәлік Қосайұлы Жауапкершілігі, еңбегі мен білікті дайындығы үшін алғыс білдіреміз! Бұл жеңіс – колледжіміздің беделін арттырып, жұмысшы мамандықтардың маңызын айшықтайтын үлкен жетістік. Жеңімпаздарымызға алдағы уақытта да толағай табыстар тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/p/1CKt6ci38M/>



ЖЕҢІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН! 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында білім алушылардың шығармашылығын қолдау және кәсіби бағыттағы ой-өрісін дамыту мақсатында Түркістан қаласында 28 қараша күні облыстық "Мен жұмысшымын" эссе байқауы өткізілді. Аталған сайысқа колледжіміздің 1 курс студенті өз талантымен қатысып, жүлделі III орынды иеленді! Жетекшісі – Уәли Ақбота Қуанышбайқызы Білім алушының шығармашылығын шыңдаудағы еңбегі үшін алғыс білдіреміз! Бұл жетістік – колледжіміз студенттерінің қабілеті мен білімге деген құлшынысының жарқын дәлелі. Жеңімпазымызға шығармашылық табыс, жаңа белестер тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/p/14UCSP6RmA6/>



Егемен елдің еңсесі биік! 2025 жыл 8 желтоқсан күні «№1 Колледж» МКҚК-де Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Егемен елдің еңсесі биік» апталығы аясында «Тәуелсіздік таң нұры» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны колледждің педагог-психологы Ш.Жақсыбаева мен Жастар ұйымының инспекторы О.Қасымбек ұйымдастырып, жүргізді. Шара барысында егемендіктің маңызы, елдік пен бірлік, жастардың мемлекет дамуына қосар үлесі жайлы мазмұнды пікірлер айтылып, студенттер белсенділік танытты. Тәуелсіздік – жай ғана күн емес, ол – ата-бабамыздың аманаты, бүгінгі ұрпақтың жауапкершілігі! #ЕгеменЕлдіңЕңсесіБиік #№1Колледж #ЖастарБолашағы

<https://www.facebook.com/share/r/1Akj1PTzZb/>



Патриоттық челлендж – жастар белсенділігінің айғағы!* 2025 жылдың 9 желтоқсанында «№1 колледж» МКҚК-да Жастар ұйымының инспекторы О.Қасымбек пен Парламент мүшелерінің ұйымдастыруымен «Егемен елдің еңсесі биік» апталығы аясында патриоттық челлендж өтті. Іс-шараның мақсаты – студенттерге Тәуелсіздік құндылығын ұғындыру, ұлттық рух пен елжандылықты қалыптастыру. #Тәуелсіздік2025 #ЖастарБастамасы #№1Колледж #ЕгеменЕл

<https://www.facebook.com/share/v/1BwckMncFU/>



Тәуелсіздік-бәрінен қымбат!!! 2025 жылдың 10 желтоқсан күні «№1 колледж» МКҚК-да Жастар ұйымының инспекторы О.Қасымбектің ұйымдастыруымен «Егемен елдің еңсесі биік» апталығы аясында Дебаттық клуб мүшелерінің қатысуымен «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» тақырыбында дебат өтті. Іс-шараның мақсаты – жастардың сыни ойлау қабілетін арттыру, азаматтық көзқарасын қалыптастыру және Тәуелсіздіктің маңызын ұғындыру. #Тәуелсіздік2025 #ДебатКлубы #№1Колледж

<https://www.facebook.com/share/r/188aXeu9w/>



«Егемен елдің еңсесі биік» 2025 жылдың 11 желтоқсан күні «№1 колледж» МКҚК-да топ жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Егемен елдің еңсесі биік» апталығы аясында «Егемен елдің еңсесі биік» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – студенттердің отансүйгіштік сезімін арттыру, Тәуелсіздік тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Тәрбие сағатында тарихи деректерге шолу жасалып, пікір алмасу, көркем шығармалар оқу, патриоттық әндер шырқалып, жастардың белсенділігімен өтті. #Тәуелсіздік2025 #ЕгеменЕл #ТәрбиеСағаты #№1Колледж

<https://www.facebook.com/share/p/1ArCRpqjor/>



Тәуелсіздік-бабалардың ұраны!!! 2025 жылдың 11 желтоқсанында «№1 колледж» МКҚК-да Көркемөнерпаздар ұйымы мен Жастар ұйымының ұйымдастыруымен «Егемен елдің еңсесі биік» апталығы аясында «Тәуелсіздік – бабалардың ұраны» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында студенттер ел Тәуелсіздігіне арналған көркем сөз, ән, би және сахналық қойылымдар арқылы өз өнерлерін ортаға салып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдірді. Тәуелсіздік – тек тарих емес, ұрпақтың ұлы мұраты! Бабалар аңсаған еркіндік – бүгінгі ұрпақтың аманаты! #Тәуелсіздік2025 #ЕгеменЕл #№1Колледж #ЖастарҰйымы

<https://www.facebook.com/share/r/1DSrJr9a4E/>



Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары 2025 жылдың 11 желтоқсанында «№1 колледж» МКҚК-да «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, нашақорлықтың зияны және пиротехникалық заттарды қолдану тәртібі» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға Созақ АПБ ҚҚБ учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Оскен Еркебұлан Бақтиярұлы мен колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиев қатысып, студенттерге құқықтық тәрбие беру бағытында маңызды ақпараттармен бөлісті. Мақсаты – жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың және пиротехникалық заттарды заңсыз қолданудың алдын алу, сондай-ақ тәртіп пен заң талаптарын сақтау жөнінде түсінік беру.

<https://www.facebook.com/share/p/18NNan2hJu/>



Жақсылық жасау – жүрек ісі! 2025 жылдың 23 желтоқсанында «№1 колледж» МКҚК-ның Жастар ұйымының инспекторы О.Қасымбектің ұйымдастыруымен және Еріктілер клубының қатысуымен Созақ ауылында тұратын қарт кісінің үйіне барып, қайырымдылық көмегі көрсетілді. Бұл іс-шараның мақсаты – жастарды мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, үлкенге құрмет көрсетіп, қоғамға пайдалы болуға баулу. Жас буынның адамгершілік құндылықтарды ұстанып, ізгі істерге араласуы — болашақтың нұрлы кепілі! #Қайырымдылық #ЕріктілерКлубы #№1Колледж #ЖастарІсі

<https://www.facebook.com/share/p/17afHoSrGu/>




«№1 Колледж» МКҚК-да Психологиялық тренинг Көңілді күн – жарқын көңіл-күйден басталады! 2025 жылдың 23 желтоқсанында Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен, Созақ ауылдық округінде «№1 колледж» студенттері үшін *«Көңілді күн»* атты психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – студенттердің эмоционалдық жағдайын жақсарту, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру және жағымды қарым-қатынас орнатуға ықпал ету. Іс-шара барысында түрлі психологиялық жаттығулар мен көңіл көтерер ойындар ұйымдастырылып, жастар бір-бірімен ашық сөйлесіп, жағымды эмоциялармен бөлісті. #КөңілдіКүн #ЖастарРесурстықОрталығы #№1Колледж #ПсихологиялықТренинг

<https://www.facebook.com/share/r/1c5iHn2JCS/>



«Қарапайым жұмысшыларды құттықтау» челленджі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды — «Жұмысшы мамандықтар жылы»деп жариялаған болатын. Осыған орай республика көлемінде жүзеге асып жатқан «Қарапайым жұмысшыларды құттықтау»атты челленджді зор қуанышпен қабылдай отырып, біз бұл эстафетаны Шаян елді мекеніндегі «№19 колледжге»жолдаймыз. Челлендждің басты мақсаты— ел экономикасының негізін құрайтын жұмысшы мамандық иелерінің еңбегін дәріптеу, олардың қоғамдағы мәртебесін арттыру, жастарды еңбекқорлыққа, кәсіби біліктілікке ынталандыру. Еңбек — елдің тірегі! Қарапайым еңбек — ұлы құндылық! #ЖұмысшыМамандықтарЖылы #ҚарапайымЖұмысшығаҚұрмет #Челлендж2025 #№1Колледж #ЕңбекҚұрметкеЛайық

<https://www.facebook.com/share/v/1AQXG4dQPT/>



“№1 колледж” МКҚК-да өткізілген “Шебер - сынып” іс -шарасы. Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың 2025 жыл “Жұмысшы мамандықтар жылы” деп жариялауына байланысты ҰАК “Қазақатомөнеркәсіп - SaUran” ЖШС-нің қызметкерлері Б.Джанадилов - жетекші, инженер - геотехнолог, А.Орынбеков - еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау менеджері, колледж базасында өндірістік оқыту шеберлерінің ұйымдастыруымен “Шебер - сағат” іс -шарасына қатысып, студенттерге уран өндірудегі жұмыстарының қыр-сырларын слайдтар және макеттер көріністері арқылы кеңінен таныстырды. Іс - шараның қорытындысында Алғыс хаттар табысталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1B4Kp2uW8w/>



Жетістікке жеткен жастар — ел үміті! Республикалық деңгейде өткен «Жылдың үздік студенті» онлайн байқауында «№1 колледж» МКҚК-ның білімді де белсенді 10 айлық Оператор мамандығының студенті Әшірмет Ситара Сұлтамұратқызы топ жарды. Білім мен бәсеке қатар жүрген додада студентіміз үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі І орынды иеленді. Марапаттау рәсімі еліміздің бас қаласы — Астана қаласында салтанатты түрде өтті. Осындай жарқын жеңіспен шын жүректен құттықтаймыз! Жастарымыздың әр жетістігі — колледжіміздің мәртебесі! Жастар-еліміздің ертеңі! #ЖылдыңҮздікСтуденті #БілімЖолы #№1Колледж

<https://www.facebook.com/share/p/1FFUSLLhTM/>



Жаңа жыл, жаңа қадам, жаңа бақыт! 2025 жылдың 29 желтоқсанында «№1 Колледж» МКҚК-да ұжым мүшелері мен студенттердің қатысуымен «Жаңа жыл, жаңа қадам, жаңа бақыт» атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кеш барысында өнерлі қызметкерлер мен студенттер ән айтып, би билеп, түрлі номинациялармен марапатталып, көтеріңкі көңіл-күйде жаңа 2026 жылды қарсы алды. Бұл кеш бір жылдық еңбектің қорытындысы мен ұжымдық бірліктің жарқын көрінісі болды! #ЖаңаЖыл2026 #№1Колледж #МерекелікКеш

<https://www.facebook.com/share/p/1DNaV8MFGg/>

